

## КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕРЛЕРДІҢ ҚЫСҚЫ МЕКТЕБІ

ҚазҰУ-да 11 жыл бұрын пайда болған куратор-эдвайзерлердің қысқы мектебі жыл сайынғы игі дәстүрге айналды. Биылғы жылы мектептің семинарлары онлайн форматта өтті және университеттің 16 факультетінің барлық кафедраларының куратор-эдвайзерлерінің басын біріктірді.



Ұйымдастырушылар атап өткендей, ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы бөлімі тренинг тәсілін сақтауға тырысқан, өйткені бұл оқытушылардың интеллектуалды ынтымақтастығын нығайтуға ғана емес, сонымен бірге университеттің әлеуметтік капиталын шоғырландыруға да ықпал етеді.

Әр түрлі секцияларда сөйлеген семинарлардың спикерлері өз баяндамаларын студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас пен байланыстың психологиялық аспектілеріне арнады. Сонымен, қысқы куратор-эдвайзерлер мектебінің аясында, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент З.М. Садвакасова «Куратордың студенттермен жұмысындағы тұлға тұрақтылығының психологиясы» тақырыбында практикалық бағыттағы вебинар өткізді, онда адамның психологиялық тұрақтылығы, ойлаудың әсері мен басқару механизмдері, эмоционалдық фон ашылды. Кураторлар «Адам денесі» әдісімен танысты. Психологтар «тәуекел тобынан» арнайы студенттерді қалай анықтауға және студенттер тобының эмоционалды фонын байқауға болатындығын түсіндірді. Сондай-ақ, адамның барлық деңгейдегі психологиялық жағдайы және «өзінің эмоционалды фонын басқара алмаудың»

салдары қарастырылды. «Психотравмалардың тізімі» жаттығуының мысалын қолдана отырып, әр куратор өзінің жеке тәжірибесінен ситуация мен эмоциялар арасындағы байланысты талдады.

Жағымсыз факторларды уақытында анықтауға және ондай студенттерге міндетті түрде психологиялық қолдау көрсетуге баса назар аударылды. Қатысушылар сонымен қатар «Студенттердің мотивациясы мен ерік-жігерін дамыту: қашықтықтан оқыту жағдайында өзін-өзі дамыту технологиялары» тақырыбын тыңдап, талқылады, семинардың жаттықтырушысы А. Мыңбаева болды.

Тренингтер барысында басты рөл әртүрлі мамандар мен бөлімдер арасындағы командалық ынтымақтастық механизміне жүктелді. Кураторлар мен мамандар тек кураторлық сағаттарды ғана емес, сонымен қатар олқылықтарды немесе қайшылықтарды жою, ең бастысы – психологиялық тұрғыдан тұрақты және күйзеліс жағдайына дайындалған тұлғаларды тәрбиелей отырып, студенттердің танымдық жүгін байыту мақсатында кездесулер мен мастер-кларстарға шақырады және ұйымдастырады.

Өз тілшімізден

Программу развития НАО «КазНУ им. аль-Фараби» обсудили на очередном заседании Ученого совета. Перед университетом стоят масштабные задачи: повышение эффективности деятельности в рамках НАО и выполнение показателей по всем направлениям: учебно-образовательное, научно-исследовательское, инновационное и социально-воспитательное.

## МАСШТАБНЫЕ ЗАДАЧИ

Заседание было посвящено обсуждению Программы развития НАО «КазНУ им. аль-Фараби». С докладом выступил декан факультета химии и химической технологии Хайдар Тасибеков. Он представил анализ выполнения плановых целевых индикаторов в 2021 году, озвучил, как выполняются задачи повышения качества знаний обучающихся, квалификации профессорско-преподавательского состава факультета. Также он рассказал о модернизации содержания образовательных программ в рамках модели «Университет 4.0», цифровизации учебного процесса и диверсификации образовательных услуг.

Продолжение на 2 стр.

## ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ЯЗЫКА ХИНДИ

Все знают, что в Индии много праздников. В январе по календарю отмечается 28 национальных праздников, важнейшими из которых являются День Республики и Всемирный день языка хинди.

День Республики празднуется в Индии с 26 января с 1950 года – с момента, когда после 200-летней британской колонизации Индия была провозглашена республикой.

Индия всегда манила остальной мир своей экзотичностью, загадочностью, своими контрастами. Сегодняшняя Индия – это страна древних цивилизаций, это стремительно развивающееся государство и несомненный региональный лидер, имеющий значительный вес на мировой политической и экономической арене. Индия – это и один из самых востребованных туристических маршрутов.

Сегодня стабильный рост политического веса и международного авторитета страны, обладание значительным экономическим потенциалом и человеческими ресурсами, ядерным оружием и средствами его доставки позволяют Индии позиционировать себя в качестве стержневого государства южноазиатского региона, расширять сферу своего влияния путем оказания финансовой и материальной помощи соседним государствам, а также наращивать и модернизировать свой военно-стратегический потенциал.

Продолжение на 7 стр.



**РЕКТОРАТ**

Продолжение. Начало на 1 стр.

Спикер подробно остановился на эффективных механизмах по достижению плановых показателей, включающих: отбор наиболее одаренных обучающихся на всех ступенях обучения, знакомство бакалавров и магистрантов с направлениями и технической базой кафедры и вовлечение их в научный процесс, профориентационную работу для привлечения школьников и другие методы.

Не менее обстоятельный доклад представила декан факультета философии и политологии Алия Масалимова. Спикер охарактеризовала кадровый потенциал факультета, включая привлеченных иностранных ученых. Большая часть презентации была посвящена стратегии развития факультета по трем основным направлениям: учебно-образовательная, научно-исследовательская и инновационная деятельность, а также социально-воспитательная работа. Перед факультетом стоят масштабные задачи: повышение эффективности в рамках НАО и выполнение показателей дорожной карты факультета на 120 процентов.

Об итогах рейтинга образовательных программ Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» за 2020 год доложила директор Центра по стратегическому развитию Гульшарат

# МАСШТАБНЫЕ ЗАДАЧИ



Минажева. В презентации был дан обзор ОП, занявших в рейтинге с 1 по 10 места; сравнительный анализ по показателям и годам.

По итогам заседания Ученый совет КазНУ им. аль-Фараби принял постановление, в рамках которого ответственным лицам были даны поручения – развивать сотрудничество с предприятиями химической промыш-

ленности, обеспечить реализацию программ двудипломного образования, курсов повышения квалификации по дополнительным формам образования в Центре педагогического мастерства, прорывных проектов по целям устойчивого развития ООН и др.

**Соб. корр.**

**KAZNU.KZ**

**Qurmetti stýdentter!**

Eger sizdiń elektronny poshtańyzǵa "info.kaznu.kz@gmail.com jiberýshiden kúdikti hat kelse, oǵan jaýap bermegenińiz abzal! Hat orys tilinde jóneltilgendikten mátinde ózgeriposten sol kúinde qaldyrdyq. Mátin tómende:

Vnimanie!!! Prikrepite svoi nomer telefona k sisteme "Yniver"

Chtoby prikrepit nomer telefona, pereidite po ssylke nje ili skopirýite eó v adresnýy stroký svoego brayzera.

Prikrepit nomer telefona.

Eto soobshenie avtomaticheskı otpravleno http://univer.kaznu.kz/

Bul habarlama avtomatty túrde http://univer.kaznu.kz pochtaskynan jiberilgen. Kórsetilgen spam-habarlamaǵa elemeyińizdi jáne kúdikti silteme boıynsha ótpeyińizdi suraimyz.

Esterińizge sala keteik, bul jiberýshiniń QazUÝ ıniversitetine eshqandai qatysy joq. Sondai-aq, Univer júesi úshin telefon nómirlerińizdi engizýdiń qajeti joq ekenin habarlaimyz. Sonymen qatar, QazUÝ mundai aqparady taratpaıdy. Kelgen aqparlardy muqıat oqyp, saq bolyńyzdar!

\*\*\*

**QazUÝ profesory, matematikalyq jáne kompúterlik modeldeý kafedrasynyn meńgerýshisi Álibek Isahov «Fizika» páni salasynda «Gylym kóshbasshysy – Web of Science Awards 2020» bedeldi sylyǵynyn «Jogary dáieksózdi qazaqstandyq avtor» nominasiyasyn jeńip aldy.**

Álibek Isahovtyń avtorlyǵymen jogary reitini basylymdarda 285-ke teń dáieksózderdiń jıntyq sanymen 36 maqala jarıalandy.

Profesor Á. Isahovtyń gylymi zertteý aiasy keń. Ol injeneria, fizika, astronomia, matematika, himialyq injeneria, energetika, medicina, biohimiya, genetika jáne molekylalyq biologia, informatika syndy bilim salalaryn qamtıdy.

Onyń jetekshiligimen 50-den astam stýdentter men magistranttar úzdik qorǵaldy. Qazaqstan Respýblikasynyn gylymyn damytýǵa qosqan zor úlesi úshin Á.Isahov kóptegen marapattarǵa ie boldy. Atap aitsaq, ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyn úzdik jas ǵalymy (2014 j.), daryndy jas ǵalymdarǵa arnalǵan memlekettik stipendia (2016 jáne 2020 j.), ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyn 80 jyldyǵyna arnalǵan ıniversitetiń damýyna qosqan úlesi úshin medal (2016 j.), «JOO úzdik oqytshysy» ataǵy, QazUÝ damýyna qosqan úlesi úshin medaldarymen (2019 j.) marapattaldy.

Qazirgi ýaqytta profesor Á.Isahov QR Ulttyq Injenerlik akademiasynyn korespondent-múshesi bolyp tabylady. Jańa jyl qarsańynda Qazaqstan Respýblikasy Bilim jáne gylym ministri A.Aımagambetovtyń Qurmet gramotasymen marapattaldy. www.scopus.com resmi saıtynda Álibek Ábdıashimulyńyń indeks hirshasy 16-ǵa teń, bul onyń búkil álem ǵalymdaryńyń jogary dáieksózdiligi men jumysyna múddeliligini kórsetedi.

## Формируем научные кадры



**Новый учебный год в КазНУ принес изменения в образовательный процесс студентов послевузовского образования. Одно из нововведений – усиление требований в образовательной программе студентов магистратуры и докторантуры. Отныне для получения документа об окончании ВУЗа магистрантам необходима как минимум одна публикация в базе данных Scopus, докторантам – две.**

Принятое решение главным образом направлено на повышение конкурентоспособности казахстанской науки на глобальной научно-образовательной арене. Высокие требования со стороны университета, отвечающие высоким международным стандартам, дадут возможность молодым научным кадрам нашей страны регулярно повышать свою профессиональную квалификацию, а также беспрепятственно развиваться в сфере науки, чаще публикуясь в высокорейтинговых научных изданиях мира.

Формирование условий для непрерывного продвижения научного сообщества в стране устранил одну из главнейших культурных проблем Казахстана – «утечка» ценных рабочих кадров. Кроме того, усиление требований также будет способствовать большему привлечению в стены КазНУ не только отечественных ученых, но и зарубежных специалистов в той или иной области. Неизбежны коллаборации талантливейших умов университета с зарубежными представителями науки для совместных публикаций и углубленное

введение КазНУ в мировое научно-образовательное сообщество.

Ведущий ВУЗ страны непрерывно поддерживает лучшие молодые умы, тем самым формируя сильнейшую наукоёмкую базу в стране, сформированную на знаниях, добытых в результате упорного труда. С этой целью при наборе абитуриентов в 2020 году основной упор был сделан на магистрантов и докторантов. Обязательное наличие научной публикации в базе данных Scopus для обучающихся в магистратуре – хорошая подготовка магистрантов к дальнейшему этапу в образовании – получению степени PhD.

Ярким примером высокой работоспособности являются студентки-магистрантки 2-го курса специальности «Математическое и компьютерное моделирование» Медины Иманбердиевой и Альбины Машенковой. Будучи на 2-м курсе магистратуры, каждая из них уже

имеет публикации в базе данных Scopus в следующих высокорейтинговых научных изданиях: в Water Resources Management (Q1), International Journal of Nonlinear Sciences and Numerical Simulation (Q2), Journal of Hydraulic Research (Q1) у Медины Иманбердиевой и в International Journal of Environmental Science and Technology (Q1) у Альбины Машенковой.

На сегодняшний день университет уверенными шагами продолжает укреплять свои позиции в ведущих мировых рейтингах и является одной из крупнейших интеллектуальных корпораций с развитой научно-инновационной инфраструктурой.

**А.А. ИСАХОВ,**

**П.Т. ОМАРОВА,**

*преподаватели кафедры*

*математического и*

*компьютерного моделирования*

**Жақында «Егемен Қазақстан» басылымында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты мақаласы жарық көрді. Президентіміз мақалада қазіргі таңда халық көкейінде жүрген бірнеше өзекті мәселелерді қозғап, қоғам арасында көптеген дискуссиялар мен сұрақтар тудырып жүрген тақырыптарға тоқталып өтті.**

Қасым-Жомарт Кемелұлының осы жылы мерейтойлы 30 жылға толатын тұғырлы Тәуелсіздігімізге арнаған бұл мақаласы бағдар мен белес, таным мен тағылым, қоғам мен құндылық, ұлағат пен ұстаным секілді аса маңызды тақырыптарды сыйдырған. Аталмыш мақала қоғамға бағыт-бағдар сыйлайтын, мемлекет пен ұлт мүддесін айқындайтын, оның басты құндылықтарын ашып көрсететін үлкен идеологиялық мән-мағынаға ие.

Бірінші кезекте, мемлекетіміздің 30 жылдық Тәуелсіздік кезеңінде жеткен жетістіктері мен әр онжылдықта атқарылған ауқымды жұмысы атап көрсетілген. Сонымен қатар, тәуелсіздігіміздің жолында халқымыздың қандай ауыртпашылықтарды басынан өткергендігі туралы айтылған. «Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған еліміздің өткені, қазіргісі және болашағы туралы сөз болған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақаласы бізді – жастарды жаңа бел-белестерді бағындыруға, жаңа серпінді дамуға жігерлендіреді.**

Болашақ бағыт-бағдарымызды айқындауға шақыра отырып, өткен жолдарымызға нақты талдау жасалған аса маңызды құжат ретіндегі «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» атты төрт тараудан тұратын әрі Президенттің кемел ойлары айтылған мақаласында «Тәуелсіздік – бұл біздің халқымыздың ең басты құндылығы және ең маңызды байлығы» деп атап өткеніндей, биыл еліміздің Тәуелсіздігі жарияланғанына 30 жыл толады. Мемлекет басшысы мақаласында 30 жыл ішінде бағындырған белестерімізге және жеткен жетістіктерімізге тоқтала отырып, мемлекеттік тіл, жер, мәдениет, экология салалары, жастардың тәлімді тәрбиесі секілді елдегі маңызды мәселелер жайында сөз қозғайды.

Сонымен бірге Президентіміз осы мақаласында: «Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім

# Тәуелсіздік ұмытылмас тарих



Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды», – делінген.

Ата-бабаларымыздың азаттық жолында төккен қан мен тері, оңайлықпен келмеген тәуелсіздік жолында бастан кешкен сын-қатері ұмытылмай ел есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс. Сол себепті де қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы, қазіргі таңда белең алып түсіріліп жатқан тарихи кино-картиналар, сериалдар мен балаларға арналған тарихи-танымдық бағдарламалардың маңызы өте зор екендігі айтылған.

Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ атырап қазақ халқының ата жері екендігі және ол тәуелсіздік алған бетте-ақ

еліміздің шекарасы болып тұтастай шегенделгендігін тілге тиек етіп, сол жердің ешкімнен және ешқашан сыйлыққа келмегенін, оның ата-баба қанымен келген біздің аспен де таспен де қорғауға дайын, көздің қарашығындай сақтайтын мұрамыз екендігін айтып, соңғы кездері жиілеп кеткен кейбір Ресей саясаткерлерінің провокациялық сөздеріне нақты жауап бергендей болды.

Президентіміз еліміздің біртұтас екендігін, оның шығыс, батыс, оңтүстік және солтүстік болып бөлінбей, тек географиялық шартты бағдар ретінде ғана солай аталатынын атап өтті. Сонымен қатар, еліміздің әр аймағы жауһарындай болған табиғи кереметтер мен байлықтарға толы екендігін айта отырып, жастарға және өскелең ұрпаққа сол жауһарларды танытып, оны қадірлеп қастерлеуге тәрбиелеп баулуымыз керектігі айтылған.

Мақалада 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында қыршып кеткен жастардың ерлігі мен батырлығы, Семей полигоны сияқты халқымыздың бастан өткерген қасіреті баяндалған.

Және де Президент өз мақаласында ана тілі мәселесіне ерекше көңіл бөледі. «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының,

балабақшалардың саны еселеп көбейді. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», – деп айтылған.

Қорытындылай келе, әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс, бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайтындығы айтылады. Ол өз кезегінде ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді. «Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек» делінген Президент мақаласында.

**Ө. САНДЫҚБАЕВА,**  
*ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінің аға оқытушысы, философия ғылымының кандидаты*

## БОЛАШАҚ БАҒДАРЫ - БІЛІМ БИІГІНЕ ТАЛПЫНУ



мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі», – дей отырып, Отанын, жерін, елін шын сүйетін, дамуына қажырлы

еңбек сіңіретін азаматтарға лайықты баға бере отырып, бізді, жастарды шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуімізге жігерлендіреді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты,

рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деп мақаласында айтып өткеніндей, мен де еліміздің дамып, болашақта нығайып, одан ары өркендеуі үшін аянбай еңбек ететін жас ұрпақ тәрбиеленуі керек деп есептеймін.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласында айтылған осындай маңызды ойлар жастарды білім алуға, тіл үйренуге, ғылыммен айналысуға шақырып, көкірек көзін оятуға және көкжиегін кеңейтуге жетелей отырып, жастардың мәдени және рухани дамуына ықпал етуде, ұлттық сана-сезімін дамытуда, шығармашылық қабілеттерін арттыруда, ғылыми ізденіске себепкер болуда маңызы зор.

Ата-бабаларымыздың аманат етіп қалдырған ең ұлы тарихи шығармаларын, әлі де зерттелмей жатқан ұлы мұраларын терең зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізу болашақ жастар – біздің еншімізде!

**Е. ӨЗЕНБЕК,**  
*Тарих, археология және этнология факультетінің ғылыми тарих мамандығының 3-курс студенті*

**Г. АБИКЕНОВА,**  
*ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.*

**Тәуелсіздікке жету жолындағы тарихымыз бен күтіп тұрған жаңа міндеттер жайлы жазған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы еліміздің өткенін баяндап, келешегіне көз тастаған мақаланың бірі.**



деген құштарлықтан туындайтын табиғи қайталанып отыратын процесс. Сондықтан отандық тарихи киноиндустрия саласына көңіл бөлініп, қолдауға ие болуы мақалада өз көрінісін тапқан.

Қазіргі жаһандану дәуірінде елімізді мәдени құндылықтар тұрғысынан алып қарағанда, төл мәдениетті жаңғырту ниеті қалыпты құбылыс. Бүгінде ақпараттық әлем бейнесінде, экрандық мәдениетімізде, өркениеттердің тоғысу заманында бұл мәселе тәрбиелік-жадылық мағынаға ие болып, басқа өркениеттілік құндылықтарға орнын беретінін айтқан

Тарихи тұрғыда ХХ ғасырдағы қиын кезеңдері айтылған мақалада «тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық, Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды» деп Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін тілге тиек етеді.

Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы мәдени жүйесінде үш бөліктің бар екендігі туралы мәдениеттанушы ғалым, профессор, философия ғылымдарының докторы Ғабитов Тұрсын Хафизұлы өз еңбегінде атап өтеді. Оларға төлтума

дәстүрлі мәдениет, отаршыл мәдениет және батыстық әсер жатады дейді. Еуразиялық мәдени тип дәстүрлі мәдени типті батыстық өркениет жетістіктерімен ұштастыра біледі. Осы мәселеге келгенде Елбасының «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде «Біз өзіміздің мәдени тамырларымыздан едәуір ажырап қалдық. Оның есесіне өзге өркениеттер әсеріне көбірек ұшырадық. Бұл жақсы ма жаман ба – өз алдына мәселе» деп атап өтеді. Мақалада «Жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет» деген Президент «Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі» дейді.

Қазақстан тәуелсіздік ала сала жаңа мәдениет қалыптасты деп айтуға келмес. Дегенмен, қазіргі дүниежүзілік мәдениетте ХХІ ғасыр қарсаңында кейбір адамдық әмбебаптық болмыстың басты бағыттары айқындала бастағандықтан, оларды қазақ мәдениетінің мүмкіндіктерін жаңа парадигмаларымен салыстыра қарастырайық. Ішкі жікшілдіктен арылу әлемдегі өркениетті елдермен жақындасу халықаралық қатынастардың тұлғасына айналу қазақ мәдениетіне жоғары талаптарды қояды. Тәуелсіз Қазақстанда бұл мәдениет шешуші қызмет атқарады. Қазақ ұлтының жаңа мемлекеттік деңгейі және оның мақсаттары туралы Елбасы «Ұлт мемлекетсіз өмір сүре алмайды, құрып кетеді. Өз кезегінде ұлттың жойылуы оның мемлекетінің өмір сүруін мәнсіз етеді. Президент өз мақаласында осы мәселе төңірегінде «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттық жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деп ой түйеді.

Қазақ мәдениетінің тағдыр қысымынан сақтап қалған құдіретті күштің бірі – ана тілі екендігі белгілі. Қазақ болашағының оның тұрмыстық-отбасылық деңгейден халықаралық қарым-қатынас, өнер мен білімнің жоғары бітімдерінің құралы дәрежесіне көтере алуымен қатысты екендігі жөнінде де аз айтылып жүрген жоқ. Мемлекет басшысы осы жөнінде «Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты» деп атап өтеді мақалада айтуының да маңызы осында.

Ақпараттық қоғамда тұтастай ахуал дәстүрлі мәдени құндылықтар мен өмірлік қажеттіліктерді қайта қарау мәселесіне мән беруде. Бүгінде бұқаралық коммуникация құралдары техникалық жағынан бұрын болмаған жетістіктерге жетіп, үлкен маңызға ие бола отырып, адамның физикалық мүмкіндіктерін кеңейтіп, ақпараттық құрылғылардың дамуы әсерінен еңбекте адамның зияткерлік қабілеттері күшеюде. «ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі» дей келе «Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» деп жастарға ой салады.

Жалпы қорыта айтқанда еліміздің ұстанымы ынтымақты, бейбіт өмір сүру, ауызбіршілік қоғамда халықтың рухани үйлесімділігін сақтап, еліміздің абыройын асқақтата отырып, әлемдік деңгейге көтеру үшін әр азамат бар күш-жігерін салып, білім жағынан өзін биіктен көрсетіп жоғары деңгейлі тұлға болып қалыптасуы керек. Қазақстанның негізгі идеясы – Ел тәуелсіздігін баянды етумен қатар ұлттық бірлікті нығайтуымыз аса маңызды. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат».

**Серғазы ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**  
дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының оқытушысы

## Тарих – ұлтыңды тану жолы

**Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласы алғашқы сөйлемдерінен-ақ халқымыздың негізгі құндылықтарын сақтауға, олардың тұғырын бекіте түсуге үндейтінін байқаймыз.**

қабақ таныта отырып, сол еңбектердің қарапайым халыққа жеткізілуі ақсап тұрған мәселе екенін алға тартады. Сонымен қатар, терең тарихымызды ғана емес, еліміздің тәуелсіздік кезеңіндегі тарихын да зерттеп-зерделеуге шақырған. Аталған бөлімдегі тағы бір басты мәселе ретінде Президенттің отандық киногерлерді тарихи тақырыптарға көңіл бөлуге шақырғанын айтуға болады. Өйткені «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді».

«Қоғам мен құндылық» бөлімінде айтылған дүниелер халық санасындағы көп сауалдарға толық әрі нақты жауап берді. Оның ең бастысы – жер мәселесі. Бұл кешегі тоқымдай жер үшін талыстай кеудесін оққа тосқан бабаларға әруағына құрмет. Президент ата-бабамыздың сонау Алтын Орда, одан арғы Сақ, Ғұн заманынан бері бұл далада өмір сүріп келе жатқанын алға тартып, «тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек» деп

көршілес елдің арандатушыларының сөзіне нүкте қойған. Сонымен бірге, халықаралық деңгейде мойындалған шекарамызға ешкімнің таласа алмасын нақты жеткізеді.

Мақаланың осы бөлімінде мемлекеттік тілдің де маңызы сөз болған. Президент бұл жөнінде өз ойын: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады», – деп түйіндейді. «Қоғам мен құндылық» бөлімі ел бірлігі туралы ойлармен түйінделген. «Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз», – дей келе халқымыздың ортақ құндылықтарын барынша дәріптеуге шақырады. Осы тұрғыда Наурыз мерекесін тойлаудың тұжырымдамасын жасауды шарт етіп, «бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады», – дейді Президент.

Мақаланың қорытынды бөлімі «Ұлағат пен ұстаным» деп аталады. Бұл бөлімде еліміздің болашақ қадамдары, яки ел басқарудағы жаңа реформалар мен жастар саясаты кеңінен сөз болады. Президент

«саяси реформаны соза берудің жөні жоқ» дей келіп, ауыл, кенттердің әкімдерін сайламалы әдіспен тағайындалатынын атап айтты. Мұндай саяси жаңғырулар біртіндеп жүзеге аса бермек. Өйткені, «билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн».

Қай мемлекет, қай қоғамның да болашағы жастардың қолында. Ел – ұрпағымен көрікті һәм кемел. Ал бүгінгі таңдағы көрік пен кемелдіктің бір аты – білім. Оған бүгінгі әлемдік ғылыми жетістіктер айқын дәлел. Осы ретте Президент талантты жастарға қолдау көрсету мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынған. Жастарымыздың білімі мен білігі оқу орындарының еншісінде. Сондықтан Президентіміз жастарға үміт арта отырып, отандық оқу орындарының да сапасын басты назарда ұстап отыр.

**Досхан ЖЫЛҚЫБАЕВ,**  
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы  
кафедрасының оқытушысы,  
PhD докторант

**Көгімізде көк тудың желбірегенін, елтаңба суретінің кескінін көрген сәтте, әнұранның шырқалғанын естіген мезетте тұла бойымыз шымырлап, кеудемізде қуаныш кернейтіні анық. Тәуелсіз қазақ елі атануымыз, оның рәміздеріне қол жеткізу оңай болған жоқ.**

## ТӘҢІР СЫЙЫ



күрделі сауалға да айқын жауап берілген екен. Отыз жыл бедеріндегі қол жеткізген толайым табыс пен еңсерген бел-белестер тиянақты тұжырымдалып, бірге қол жеткізуге тиіс мәселелер мен мүмкіндіктер сараланған. Ұлттық болмыс-бітімімізді сақтап қалу, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, ұрпақ аманатына адалдық таныту – еліміздің ертеңін баянды, тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге бастар жол. Шекарамыздың шегенделгенін нақтылап айтты, ал тарихымыздың түгелденгенін

қалайтынымызды айқын аңғардық. Жерге ие болудың, аумақтық тұтастығымызға сызат түсірмеудің мәнісін ұғына түстік. «Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді», – деген ойының бәрімізге қаншалықты жауапкершілік, міндет арқалатынын ұғына түстік. Іргеміздің бүтіндігін сақтап, жеріміздің қадірін сезіну үшін тарихи санамыздың ояу болу қажеттілігі, тілді білуге сергек көңілмен қарау керектігі де тайға таңба басқандай міндеттелген екен. «Тіл – ұлттың төлқұжаты», демек «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді», – деп Ғабит Мүсіреповтің айтқан пікірін президент сөзімен түйіндесек, «Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты». Талайлы тағдырды бастан кешіп келе жатқан туған тіліміздің мәселесін түпкілікті шешу арқылы ғана тәуелсіздігімізді баянды етуге болатынын тағы да нақтылады. Мемлекеттік тілді білуді әрбір азаматтың парызы санап, тіпті міндетіне де балады. Енді серпілмесек, жан-жағымыздан көз тіккендердің сұғынан сақтанбасақ,

тәуелсіздікті тұғырлы етіп ұстап тұру тіпті қиын екенін аңғартты.

Жастарды қолдау, оларға қамқорлық жасау, дұрыс бағыт-бағдар беру керектігі үнемі айтылып келеді. Президенттің талантты, дарынды жастарды қолдау мақсатында «Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек», – деп атап өтіп, оларға «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындауы да оң шешім, дұрыс көзқарас екенін ерекше атап өткіміз келеді. Кешегі Мағжан сенген жастардың, бүгінгі ізбасарларының жігерін жанып, намысын қайрап, тәуелсіз елдің ертеңгі егесі, шынайы, нағыз ұрпақтары екенін айтып қана қоймай, нақты қолдауы да олардың бойына күш-жігер, келешегіне деген сенім ұялатары анық.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**

*филология және әлем тілдері факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы*



**Ел президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын оқып отырып көңілде көп ойлар өрбіді. Шынында да тәуелсіздігіміздің түпкі тамырына жетелейтін ойлардың негізін тереңнен іздеген мақала екенін айтуға тиіспіз.**

парасы болатын ұлттық мәдениет пен руханияттың даму, қалыптасу, өрлеу жолдарына әсері болғаны белгілі.

Қазақ халқы – ерекше тағдыры бар халық. Оны біз өзіміз сол халықтың өкілі болғандықтан ғана айтып тұрған жоқпыз. Адамзат жаралғалы бергі уақытты алмаған күннің өзінде қоғамдық институттар: мемлекетке бірігу, қағанатқа топтасу және хандық құру пайда болған уақыттардан бергі тарихи дамуына көз жіберген кез келген ұлт өкілі соны тануға тиіс. Сонда ғана бабаларымыз жүріп өткен қиын-қыстау жылдардың зобалаңын сезініп, бүгінгі біздердің тәуелсіздікті не үшін қадірлейтінімізді түсінеді. Адамзат баласы, соның ішінде қазақ халқы кез келген қоғамдық санаға сілкініс әкелген оқиғаларды, кезеңдерді шығармашылық барысында өрнектеп отырған. Қазақ халқының шығармашылығынан оның қиын-қыстау жылдарының тарихы ғана емес, қарапайым ғана тұрмыс-тіршілігі де байқалып жатады. Бұл біздің халықтың өмірінде, ерекше орын алатынын байқатса керек. Осындай түсінік призмасы арқылы зерделей отырып, халқымыздың бостандық пен азаттық туралы идеясының ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқанын аңғаруға болады. Көк түріктер дәуірінен бастап алып, жиырмасыншы ғасырды зерделеу арқылы бүгінгі тәуелсіздік таңындағы руханияттың қайнар көзін танимыз. Қоғамдағы бөліністер сол уақытта өмір сүрген адамдар санасына міндетті түрде өзгерістер мен толықтырулар алып келеді. Бұрын баға жетпес құндылыққа ие болған нәрсенің бақырлық бағасы жоғын көргенде, өзің қажетсіз санаған заттың адам айтса, нанғысыз құндылық екенін танығанда, пендеуі өмірдегі жанның санасы сарсаңға

## ҰЛТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



түсері анық. Сананың болмысты тануы басқа векторға ауысқан сәтте көрінетін құбылыстың түрі ғана емес, ішкі мазмұны да алмасады. Осыған байланысты, адам санасындағы өзгерістердің болатынын айтып жатудың өзі артық. Сондықтан да мақалада «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек» деген ұстанымды насихаттауға болады деп ойлаймыз. Өйткені, тәуелсіздік жолындағы күрес күрестердің ішіндегі ұлысы.

Ықылым замандардан бері адамзат баласын, өзінің еркіндігі мен бостандығының шектелмеу мәселелері толғандырып келеді. Жеке адам ретіндегі бостандық танымы, адамзат баласы белгілі топқа бірігіп, қоғамдық орта құруға талпынған кезде ел еркіндігі мен азаттық идеясына ұласа бастаған. Тарих біздің алдымызға азаттық үшін

арпалыс пен еркіндік үшін күрестердің толастамас ағынын жайып салады. Жер бетінен құрып кеткен тайпалар мен мемлекеттердің тағдыры осыны көрсетеді. Осылайша жылдар мен жылдарды жалғастырып, баба мен ұрпақ арасындағы сабақтастыққа негіз болып жатқан тәуелсіздік те қолымызға тиді. Бұған ел болып, халық болып қуандық. XX ғасыр адамзат дамуының қайшылықтар мен қатігездіктерге, өзгерістер мен жетістіктерге толы ғасыры болды. Біз үшін XX ғасырдағы ең басты жетістік ол – тәуелсіздік. Енді сол тұғырымыздан айрылып қалмаудың, еркін де ерікті рухымыздың өрбуіне қадамымызды асығыс басуды тоқтатпауымыз керек.

**Сәуле ЕРЖАНОВА,**

*филология ғылымының докторы, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры*

**ҚР Ұлттық Ғылым**

**Академиясының академигі,  
биология ғылымдарының  
докторы, профессор, әл-Фараби  
атындағы ҚазҰУ, биология және  
биотехнология факультетінің  
деканы Болатхан Қазыханұлы  
Заяданды – 60 жыл толған  
мерейтойымен шын жүректен  
құттықтаймыз!**



**ӨНЕТЕЛІ ҰСТАЗ**

Болатхан Қазыханұлы Заядан қазіргі таңда университетіміздің биология және биотехнология саласындағы көрнекті ғалым, ғылым мен білімді шынайы ұштастырып жүрген еңбекқор ұстаз.

Болатхан Қазыханұлы Заядан 1961 жылы 8 ақпанда Моңғол Халық Республикасының Қобда қаласында дүниеге келді. Ол оқушы кезінен биология, өмір және тірі табиғатқа деген қызығушылығы болып, тірі ағзаларды зерттеуді ұнатқан. 1979 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Ұлан-Батыр қаласындағы Моңғол ұлттық университетінің биофизика және биология мамандығы бойынша жаратылыстану факультетіне оқуға түседі. Үздік студенттермен бірге 1983 жылы ғылыми-өндірістік тәжірибеден өту үшін оны М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне және А. Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетіне жібереді. 1984 жылы университетте үздік оқуын аяқтағаннан кейін, Моңғолия Ғылым Академиясы, Жалпы биология институтының микробиология зертханасында еңбек жолын бастайды.

1993 жылы Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің (СПМУ) генетика және селекция кафедрасының аспиранты лауазымына ие болып, 1996 жылы 03.00.15 – «Генетика» мамандығы бойынша «Норфлуразонға төзімді Chlamydomonas reinhardtii мутантты штамдардың генетикалық талдауы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

Мәскеу, Санкт-Петербург және Ұлан-Батордың танымал университеттері мен Ұлттық академиялық ғылым институттарының зертханаларында білім алған және үлкен ғылыми тәжірибе жинаған Заядан Болатхан Қазыханұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде педагогикалық қызметке 2001 жылдан бастап кірісті, терең білімі мен жеткілікті тәжірибесі және ілгері басқан іскерлігі нәтижесінде жылдар өткен сайын биік баспалдақтарға қарай сеніммен қадам жасап, доцент, биология ғылымының докторы, профессор, биотехнология кафедрасының меңгерушісі, биология және биотехнология факультетінің деканы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі лауазымдарына жетті.

Кафедраға алғашқы болып жаңа альгологиялық ғылыми бағыттар алып келіп, микробалдырлар мен цианобактериялардың биотехнологиялық маңызды штамдары негізінде құрастырылған үлкен мұражайы бар фотобиотехнология зертханасын құрды. Осы зертхана базасында ол микробалдырлар мен

цианобактериялардың биологиясы мен биотехнологиясына арналған ҚР БҒМ және ҰҒА қаржыландыратын 18 ғылыми-зерттеу жобаларына басшылық жасады. Оның ғылыми зерттеулерінің бастапқы бағыттары, бұл фототрофты микроорганизмдердің перспективті дақылдарын қоршаған ортадан бөліп алу, идентификациялау, морфо-физиологиялық, биохимиялық, генетикалық сараптамалар жүргізу негізінде, олардың биомассасын биологиялық белсенді қоспалар ретінде ауылшаруашылық, малшаруашылық және тағамдық биотехнология салаларында тиімді қолдануға негізделген болатын. Кейінгі жылдары ол Қазақстандағы

негізінде биоотын алуға бағытталған зерттеулерін ерекше атап өткіміз келеді, бұл бағытта К.А. Тимирязев атындағы Ресей өсімдіктер физиологиясы институтының б.ғ.д., профессор, РФА корп-мүшесі Д.А. Лосьпен бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізу нәтижесінде Б.К. Заяданның екі шәкірті PhD докторлық диссертация қорғады.

Соңғы 5 жылдықта Ресейдің дәйеккөзі, жоғары лауазымды биолог атағына иеленген, физика-химия, молекулалық биология және өсімдіктер биохимиясы саласындағы әлемге танымал ғалым б.ғ.д., профессор С.И. Аллахвердиевпен бірлесіп жасап жүрген ғылыми бағыттарында ерекше атап өткен жөн. Олардың бірлескен

*Болатхан Қазыханұлы - шетелдерде, Қазақстанда жарық көрген 400-ден астам ғылыми мақалалары, 20-ға жуық патенттері мен 15 оқулық, кітаптары, 5 монографиясы және 80-нен астам Халықаралық жоғары рейтингті журналдарда жарияланған ғылыми мақалалардың авторы.*

экологиялық биотехнология саласы бойынша ғылыми бағыттарды белсенді дамытты. Бұл бағытта Ломоносов атындағы ММУ биофизика кафедрасының профессоры Д.Н. Маторин ғалымымен бірлесіп жүргізген ғылыми еңбектерінің бірі ластанған су экожүйелерінің биомониторингі мен биоремедиациясына негізделіп, жарық көрген 2 монография осының айғағы бола алады деп ойлаймыз.

Фототрофты микроорганизмдері идентификациялау, секвенирлеу және гендік инженерия әдістерінің заманауи молекулалық-генетикалық әдістері, энергия көздері саласындағы фототрофты микроорганизмдер

ғылыми қызығушылықтары күн энергиясының басқа энергия түрлеріне фотокаталитикалық айналуын зерттеумен байланысты.

Қазіргі уақытта Болатхан Қазыханұлы ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде АҚШ, Жапония, Италия, Германия, Ресей, Чехия, ҚХР, Үндістан, Польша, Түркия, Тунис және Малайзияның Халықаралық конференцияларында бірнеше рет баяндалып, бұл мемлекеттердің ғалымдарымен халықаралық байланыстар орнатты.

Академик Б.К. Заядан «Биоотын өндірісі үшін цианобактериялардың перспективалы штамдары негізінде

биосутегі алу технологиясын әзірлеу» атты жаңа жобалармен де айналысады. 2017 жылы Б.К. Заядан Астанада өткен «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысты, онда энергия үнемдеудің үздік әлемдік технологиялары, қолданыстағы баламалы энергия көздерін пайдаланудың жаңа әзірлемелері мен технологиялары ұсынылды. Осы ұлттық компания шеңберінде ол шетелдік Adunic AG (Австрия) және EcologicStudio (Лондон) компанияларымен бірлесіп «ЭКСПО 2017 шеңберінде фотобиореакторларда биодизель алу үшін микробалдырларды жаппай дақылдау және мониторингілеу» жобасын басқарды. Сондай-ақ, Болатхан Қазыханұлы COMSATS және ANSO мүшелерінің ғалымдарымен халықаралық байланыстарды дамытып келеді. Ол 2019 жылы Тунистің биотехнология орталығына барып, Монастир университетінің президенті, профессор Hedi Bel Hadj Salan, Тунис биотехнология орталығының директоры доктор Mohamed Ben Amor-мен және араб аймағының үйлестірушісі TYAN Dr. Jalila Ben Salah-ABBES-пен қазіргі заманғы биотехнология бағыты бойынша бірлескен ғылыми бірнеше ғылыми жобалар дайындау үстінде.

Қазіргі уақытта Болатхан Қазыханұлы – шетелдерде, Қазақстанда жарық көрген 400-ден астам ғылыми мақалалары, 20-ға жуық патенттері мен 15 оқулық кітаптары, 5 монографиясы және 80-нен астам Халықаралық жоғары рейтингті журналдарда жарияланған ғылыми мақалалардың авторы. Оның басшылығымен құрастырылған әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіміздің биотехнология кафедрасы аясындағы фотобиотехнология зертхана мұражайында фототрофты микроорганизмдердің 90-ға жуық жабайы және мутантты штамдары бар мұражайын жасады.

Заядан Болатхан Қазыханұлы өзінің құрған фотобиотехнологиялық ғылыми мектеп ұжымында ғылыми зерттеушілікпен және педагогикалық қызметті сәтті жүргізіп келе жатқан лайықты шәкірттерді тәрбиелеп шығарды. Олардың ішінде, 6 шәкірті биология ғылымдарының кандидаты, 8 шәкірті PhD доктор лауазымына иеленген болатын. Қазіргі уақытта 5 PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік етуде.

Құрметті Болатхан Қазыханұлы Сіз өз ісіңізді шын жүректен жақсы көресіз және жасаған ісіңізден үлкен рахат аласыз. Сіздің жоғары кәсіби шеберлігіңіз бен ғылымға деген адалдығыңыз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің жүрегінде үлкен құрмет сезімін оятады.

Бүгінгі мерейлі 60 жасыңыз құтты болсын, сізге жаңа үлкен ғылыми табыстар мен мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр мен бақ-береке тілейміз!

Тілек білдіруші шәкірттері:  
**М.Ө. БАУЕНОВА, PhD докторы**  
**Ф.Қ. САРСЕКЕЕВА, PhD докторы**

Продолжение. Начало на 1 стр.

# ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ЯЗЫКА ХИНДИ

Указанные факторы позволяют Индии претендовать на занятие важного места в геополитике азиатского региона и мира в целом.

Казахстан и Индия являются несомненными региональными лидерами соответственно центральноазиатского и южноазиатского регионов, достигшими значительных политических и экономических успехов и обладающими наибольшим потенциалом для дальнейшего успешного развития. Вследствие этого их взаимное изучение и сотрудничество имеют широкие перспективы.

Отношения с Индией имеют огромное значение для Казахстана. Речь идет не только о международном весе этой страны и ее стратегическом расположении на перекрестке нескольких регионов. Наши страны связывают культурные связи, уходящие глубоко в историю. Исторические и культурные связи Казахстана и Индии были установлены еще в период существования Великого Шелкового пути, в рамках которого происходил не только обмен товарами, но и обогащение мировосприятия, взаимопонимание культур через знания и религию.

Сегодня мы с полным правом можем говорить о том, что двусторонние отношения между Казахстаном и Индией являются традиционно дружественными. Они не отягощены сложным историческим опытом, а также идеологическими и религиозными разногласиями. В 2017 году Индия вступила в Шанхайскую организацию сотрудничества. Данное решение Индии логично и закономерно, поскольку она выступает за расширение участия в региональных процессах в Центральной Азии. Своей деятельностью в этом качестве Индия способна внести позитивный вклад в укрепление организации, расширив ее региональное представительство и став связующим звеном между странами-участницами ШОС и Южной Азией.

## Новый импульс

Давние дружеские связи между Казахстаном и Индией получили новый импульс к развитию с обретением нашей страной независимости. В феврале 1992 года были установлены дипломатические и консульские отношения между нашими странами. И глубоко символичным является тот факт, что именно в этом году на факультете востоковедения КазНУ им. аль-Фараби было открыто индийское отделение, задачей существования которого подготовлено более 100 специалистов-индологов. КазНУ является единственным в Казахстане университетом, где ведется подготовка специалистов-индологов. Выпускники индийского отделения – это наша гордость. Среди них: сотрудники МИДа РК, преподаватели вузов Казахстана (в том числе и по линии Министерства обороны и КНБ), сотрудники научных исследовательских институтов Академии наук РК, магистранты и докторанты Университета им. Джавахарлала Неру. Нынешний Чрезвычайный и Полномочный Посол Казахстана в Индии – Ерлан Алимбаев – тоже наш выпускник, из первого набора 1992 года.

Студенты индийского отделения имеют все возможности для получения профессиональных знаний и расширения страноведческого кругозора. Посольство Индии оборудовало индийские кабинеты необходимой аудио-, видео- и телеаппаратурой, учебной и художественной литературой. На факультете востоковедения функционирует Центр Махатмы Ганди, также оборудованный при спонсорской

поддержке (ок. 8 млн тенге) Индийского посольства.

Казахстанская индология – относительно молодая наука. Но среди выпускников индийского отделения уже есть более 10 кандидатов наук и докторов PhD, около 20 человек закончили магистратуру и докторантуру в Индии или обучаются там. Индологи Казахстана подготовили свыше 30 монографий, учебных пособий, разговорник и единственный в мире «Хинди-казахский и казахско-хинди словарь».

Студенты индийского отделения в рамках программы ICCR (Индийский совет по культурным связям) 100%-но проходят годичную стажировку в лучших университетах Индии. Студенты КазНУ учатся в Центральном институте языка хинди, Университете им. Джавахарлала Неру, Делийском университете, Университете Джамия Миллия Исламия. Кроме интенсивного учебного процесса, в течение учебного года для студентов организуется несколько культурно-познавательных туров по Индии. Отлично владея также и английским языком (английский язык в Индии вследствие колониального прошлого – очень популярный и распространенный язык), наши выпускники продолжают свое образование и в Оксфорде, и в Королевском колледже Лондона, и в Женевском университете.

Преподаватели КазНУ, не только индологи, но и другие специалисты, также имеют возможность учиться в Индии на различных языковых и компьютерных курсах по программе ИТЕС (Международное техническое и экономическое сотрудничество).

**КазНУ является единственным в Казахстане университетом, где ведется подготовка специалистов-индологов. Выпускники индийского отделения – это наша гордость. Среди них: сотрудники МИДа РК, преподаватели вузов Казахстана (в том числе и по линии Министерства обороны и КНБ), сотрудники научных исследовательских институтов Академии наук РК, магистранты и докторанты Университета им. Джавахарлала Неру.**

## Государственный язык Индии

10 января отмечается Всемирный день языка хинди, который впервые отметили в 2006 году в дополнение к существующему Национальному дню хинди как государственного языка (14 сентября). Поскольку население Индии говорит на большом количестве языков и диалектов (несколько сотен!), вопрос о государственном языке был весьма важным. На Конституционном Собрании 14 сентября 1949 года язык хинди был принят в качестве государственного языка Индии.

Вот уже более 15 лет День языка хинди празднуется на международном уровне. В этот день Министерство иностранных дел Индии проводит специальные мероприятия, чтобы распространить величие языка хинди через свои миссии за рубежом. Премьер-министр Индии г-н Нарендра Моди, выступая по этому случаю, передает свои наилучшие пожелания всем, кто говорит на хинди по всему миру, способствуя продвижению и распространению этого языка.

Хинди – один из индоарийских языков, относится к индоевропейской языковой семье, самой популярной в мире. Будучи наследником великого древнего языка – санскрита, он очень богат и красив. По числу говорящих хинди стоит на четвертом месте в мире после китайского, испанского и английского языков. На этом языке изъясняется около 600 млн человек в мире. Это жители

स्वामी विवेकानंद सांस्कृतिक केंद्र,  
भारत का राजदूतावास, नूर-सुल्तान  
प्राच्यविद्या संकाय,  
अल-फराबी कज़ाक़ राष्ट्रीय विश्वविद्यालय, अल्माटी, व  
इंचेम, कज़ाख़स्तान  
के सहयोग से

**विश्व हिंदी दिवस**  
के अवसर पर आयोजित ऑनलाइन कार्यक्रम में आपको  
सादर आमंत्रित करते हैं

दिनांक: 15 जनवरी 2021 (शुक्रवार)  
10.30 से 11.30 बजे (अल्माटी समय)

लाईव प्रसारण देखिये: <https://www.facebook.com/groups/1792888741017534>  
<https://www.facebook.com/IndiaInKazakhstan>

Zoom: ID – 876 6038 3578  
Passcode – HindiDiwas

Индии, Пакистана, выходцы из Индии, проживающие на юге и востоке Африки, на Фиджи, Маврикий, Карибских островах, в Малайзии и Индонезии. Индийские диаспоры в Великобритании, США, Канаде занимаются активным распространением хинди: открываются курсы, школы, пишутся литературные произведения, снимается кино, шрифт хинди (деванагари) становится доступным на многих компьютерах.

Письменность, которую использует язык хинди, называется деванагари. Она развилась на основе уникального древнеиндийского письма брахми. В алфавите деванагари каждый звук имеет свое графическое выражение, т.е., как слово пишется, так оно и читается. Это достаточное редкое явление в лингвистике, которое способствует быстрому овладению этим языком.

## Онлайн-конференция в честь Всемирного дня хинди

С 1975 года проводится ежегодная Всемирная конференция хинди (Visv Hindi Sammelan // World Hindi Conference), на которой индологи со всего мира обмениваются своими мыслями о перспективах развития и продвижения языка хинди, рассказывают о своих исследованиях.

Наши индологи всегда с большим удовольствием участвуют в совместных с Посольством Индии и Индийским Культурным Центром культурных программах. Это и Фестиваль «Дни Индии», и Вечер индийской поэзии, и День памяти Махатмы Ганди, праздник Мехнди и много других ежегодных мероприятий.

В настоящее время, в силу ограничений, связанных с пандемией коронавируса, все мероприятия проводятся в онлайн-формате. Студенты не могут выехать на стажировку в индийские университеты, но обучаются там дистанционно. Для тех студентов, которые не оформляли стажировку, языковые дисциплины преподают преподаватели из Индии и Пакистана. Как странно это ни звучит, пандемия даже приблизила к нам Индию. Мы часто проводим онлайн-мероприятия с Индийским Культурным центром, с индийскими преподавателями. И празднуем мы Всемирный день языка хинди тоже онлайн.

Вот и 10 января 2021 года мы провели

совместно с Индийским Культурным центром в Нур-Султане онлайн-конференцию в честь Всемирного дня хинди, в которой приняли участие все преподаватели, а также студенты, магистранты и докторанты индийского отделения факультета востоковедения. На конференции выступили Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Индия г-н Прабхат Кумар, директор Индийского Культурного центра д-р Санджай Гарг, Президент Индийской Торговой Палаты д-р Сохел Мухаммад, руководители индийских фирм в Казахстане, зам. декана факультета востоковедения Ш.Е. Канафьева, зав. кафедрой Ближнего Востока и Южной Азии П.М. Сулейменов, преподаватели кафедры Ближнего Востока и Южной Азии Искакова З.Е., Таирова Д.Н., студенты нашего университета и курсов по языку хинди при Посольстве Индии. Были взаимные поздравления и пожелания, звучали стихи и афоризмы на хинди. Студенты также с большим интересом приняли участие в викторине на языке хинди. Какой же праздник обходится без подарков! Мы получили в дар от Индийского Культурного центра более 300 книг на хинди.

С декабря 2020 года на факультете востоковедения стартовала программа «Әр жетіде – жеті тіл», в рамках которой для старшеклассников Казахстана организованы бесплатные курсы по изучению восточных языков, в том числе и языку хинди. На них с большим удовольствием занимаются школьники из разных городов Казахстана (Алматы, Актау, Тараз, Шымкент, Кызыл-Орда и др.), которые планируют в будущем поступать на индийское отделение факультета востоковедения.

В различных отраслях науки, культуры, образования и бизнеса осуществляется сотрудничество между нашими государствами. И сегодня как никогда востребованы специалисты-индологи – люди, владеющие индийскими языками, исследующие богатейшую культуру и литературу Индии; люди, которые одинаково свободно говоря на казахском, русском, хинди и урду (один из индийских языков, государственный язык Пакистана), являются посланниками дружбы и мирного сотрудничества между Казахстаном и Индией, а также другими странами субконтинента.

**З.Е. ИСКАКОВА,**  
кафедра Ближнего Востока  
и Южной Азии КазНУ им. аль-Фараби

## АБАЙ - ДАНА, АБАЙ - ДАРА ҚАЗАҚТА

Абай өз заманының, кешегі түркі дүниесінің бойына нәр дарытқан тамыры, жүрек соққызған тынысы болуымен қатар, бүгінде тәуелсіз елдігіміздің тұғырын тұрақтандыратын негіз – рухани азық және өскелең ұрпақ тәрбиесінің тал бесік бастауы. Абай – лебі, Абай – үні халқымыздың тағылымы мен тарихының дара бейнесі.



Қазақтың бір туар ұлы, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған студенттермен бірге «Абай – Дана, Абай – Дара қазақта» атты онлайн іс-шара ұйымдастырдық.

Қазақ елі жайлы сөз қозғалса Абайды айналып өте алмаймыз, себебі оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, тұрмыс-тіршілігі, бітімі, дүниетанымы, жаны мен ділі, тілі, рухы көрініс табады. Яғни оның ілімін, көкейкесті ой-тұжырым даналықтарын дәріптеу мен зерттеу көптік етпейді. Ұлылықтың сырына қанық болу, даралықтың қандай болатынын ұғыну үшін дана Абайдың өмір тарихына үңілмек керек. Осы орайда студенттердің әзірлеген баяндамалары көңілге хош ұялатып, Хәкім Абайдың осыншалықты ғұлама болғандығы таңдай қақтырады.

Өмір тарихына тебіренген әрбір студент бала күнінен сүйіп оқыған өлең шумақтары мен әндерін және пәлсафаға толы қара сөздерін жарыса оқыды. Бұл тұста түйеріміз ақын өз өлеңдерінде қараңғылық, надандық, кертартпалықпен күрескен, халық қамын ойлаған, жастарды білімге, еңбекке, өнерге шақырған. Тәрбие сағаты барысында, Толқын Гүлнардың орындауындағы «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінен кейінгі студенттердің пікір таласы қазіргі жастарымыздан болашақта зор үміт күтуге болатынының толық айғағы іспетті, яғни, осы өлең шумақтарындағы мына бір қатарларға ой-пікірлерін қосты. Хәкім Абай бүгінгі күні біздермен замандас сияқты. Неге десеңіз, өмір салтымызда жағымпаздардың тасы өрге домалап, биік белестерді еш қиындық

көрмей бағындырып жатқан жоқ па?! Ал, тап-таза жолмен, өз алған басындағы бар білімімен еңбек етуші жастарға соқпақ жолда кедергілер санында шек жоқ секілді деп студенттер екі жақты пікір таласып қалғандай. Әрине, әркім өз ойында қалады. Бірақ, мен айтар едім білекті бірді, білімді мыңды жығар деп, сол себепті мыңмен жалғыз алысқанда жеңіске жету үшін білімді болмақ керек!

Сонымен қатар Абай – сазгер. Абай қазақтың ән-күйін сүйіп тыңдаған. Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет сияқты халық сазгерлерін ерекше бағалаған. Бірақ ән атаулының бәрін қабылдамай, оның да «естісі мен есері барын» айтып «құлақтан кіріп бойды аларын» ұнатқан. Ал Абай сазгерлігі, әндері қазақтың халық музыкасының тарихында ерекше орын алады. Іс-шара барысындағы Абайдың «Көзімнің қарасы...» әнін Қайрат Аян пианинамен орындап құлақ құрышың қандырды.

Тағылымы мол тәрбиеге толы іс-шараның әрбір қатысушыға зор әсер еткені соншалықты, шөлдеп қалған рухымызды азықтандырып, мөлдіреген әрбір көзден осындай кездесуді жиі ұйымдастырайықшы деген студенттердің ұсыныстарымен қорытындыланды.

**Г.Ж. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,**  
физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доцент м.а., х.ғ.к.

**Н.Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**  
физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының аға оқытушысы PhD

ҚазҰУ-дың физика техникалық факультеті, теориялық және ядролық физика кафедрасының Ядролық физика мамандығы студенттері қос диплом бағдарламасымен, атап айтқанда, бакалавр және магистр студенттері өз білімдерін Дубна қаласында (Ресей) орналасқан Біріккен ядролық зерттеулер институтында шыңдауда (БЯЗИ).

## ҒЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

Ядролық зерттеулер, элементар бөлшектер физикасы бойынша БЯЗИ әлем мойындаған, алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі. Бұл орталықта Менделеев кестесіндегі біршама элементтер табылған. Мәселен Дубниум (262Db) элементі осы Дубна қаласының атына берілген. Осы аталмыш орталықта жан-жақтан жиналған ғалымдар қызмет атқаруда. Атап айтсақ, Германиядан, Жапониядан, Франциядан, Үндістаннан, Украинадан, Польшадан, Қазақстаннан және т.б. БЯЗИ-да жеті бағытқа негізделген лабораториялар бар, олар: В.И. Векслер және А.М. Балдин атындағы жоғары энергия физикасы, В.П. Дзепелов атындағы ядролық проблемалар, Н.Н. Боголюбов атындағы теориялық физика, И.М. Франк атындағы нейтрондық физика, Г.Н. Флеров атындағы ядролық реакциялар, ақпараттық технология, радиациялық биология лабораториялары. Бакалавр және магистранттар жоғарыда аталынған лабораториялардың кез келгенін таңдап, ары қарай ғылыми жұмыстармен айналысуларына мүмкіндіктер жасалынған. Қазірдің өзінде біздің отандастарымыздан 100-ден аса жас ғалымдар мен мамандар ядролық және нейтрондық физика, үдеткіш техникасында, радиациялық биологияда, ақпараттық технология бағыттарында эксперименттер мен теориялық талдауларға қатысады. Отандастарымыздың елуден астамы инженер қызметінде болса, кіші ғылыми қызметкерлер отыз бір, ғылыми қызметкерлер он, аға ғылыми қызметкерлер үшеу, жетекші ғылыми қызметкер біреу, сондай-ақ осы зертханаларда лаборант қызметін атқарып жүрген отандастарымыз да біршама.

Ғылымдағы қазақ жастары немесе қазақ диаспорасы әлемнің түкпір-түкпірінде білім алып, елге қызмет етуде. Мысалы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің тағы да бір топ студенттері Томск политехникалық институтында білім алады. Мұнда көбіне магистрлар жіберіледі, бакалавр деңгейіндегі

студенттер бірен-саран, десек те соңғы оқу курстарында тәжірибеден өтуге жөнелтіледі. Сонымен қатар Ресейде білім алатын физика-техникалық студенттерінің келесі легі Санкт-Петербург қаласында тәжірибеден өтіп қос диплом бағдарламасымен оқу үдерісін тәмамдап келеді. Томск қаласында білім алатын жастардың бірі айтуынша: – Томск қаласында қазақтар көп, біз мейрам күндері жиі жиналамыз. Ең кең таралғаны – Наурыз және Тәуелсіздік күні. Жергілікті қазақтар ұлттық мейрамдарды атап өтуді ұнатады, достық күндерін жиі өткізеді, Томск қаласының тұрғындарына бауырсақтар дайындап береді, ұлттық ойындар өткізеді. Мысалы, біз Қыз қуу ойынын басқа нұсқамен ойнаймыз, себебі осында жылқыны табу қиын. Біз шеңберге жиналамыз, жігіт бір аяқпен секіріп қыздың соңынан қуады. Осында тұратын қазақтар жетімдер үйлеріне, ардагерлерге және зейнеткерлерге көмектесуді, спорт іс-шараларын ұйымдастыруды ұнатады. Отаныңнан жырақта тұрған кезде, үйіңді сағынасың, елжандылығың одан сайын оянады.

Соңғы онжылдықта білімге құштар жастар шетелде білім алып өзін-өзі дамытып, өзге көзқараспен келіп жататыны мәлім. Мұның бәрі жастарға жетерінен зор мүмкіндік деп қарастырса болады. Себебі байқап қарасақ шетелдегі қазақ диаспорасы күннен күнге артуда, алайда бір кемтұсы кейбір жастар оқуын аяқтап сол елде қалып қояды. Бірақ келешек келер жастарға қамқор болып, демеу көрсетіп, қазақ диаспорасын құра отырып, тілі мен дінін, салт-дәстүрін сақтап қалуы елге деген орасан зор құрмет деп тануға болады. Өзге елде жүрсе де Қазақстанның ғылымы мен білімін дамытуға үлес қосатын жастар еліміздің Болашағы деп сенеміз.

**А.Е. БАҚТОРАЗ,**  
оқытушы, PhD докторант

**Е.С. МУХАМЕДЖАНОВ,**  
ТЯФК аға оқытушы, PhD



Фотосурет авторлардың жеке мұрағынан алынды

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) сайтында Pdf нұсқасы жарияланды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.